Конституциялық жауапкершілік позитивті де (құқық субъектілеріне Конституцияның нұсқамасын орындау міндеттемелерін жүктеу), сол сияқты ретроспективті де болуы мүмкін (бұрынғы заңсыз қылығы үшін жауапкершілік туындайды). Мысалы, Польшада, конституциялық жауапкершілік лауазым атқарып отырған тұлғаларға, сонымен қатар, отставкаға шыққанымен де, отставкаға шыққаннан кейін 10 жыл [2] ішінде де қолданылуы мүмкін. Осы институт басқа елдерде де кеңінен қолданылады.

Мемлекеттік билік жоғары органдарының конституциялық жауапкершілік мәселелерін талдап тексеретін арнайы заң қабылдауды ұсынып отырған қазақстандық ғалымдардың жұмыстарында да, атап айтқанда академик Сапарғалиев Ғ.С., профессор Айтхожин Қ.К. еңбектерінде өз кезінде түйіндей сала, конституциялық жауапкершілік мәселелері көтеріліп жатқандығын атап кетуіміз қажет [3].

Биліктің жалғыз көзі - халықтың алдында мемлекеттің барлық жоғарғы лауазымдық тұлғаларының жеке конституциялық жауапкершілігі, сонымен қатар, мемлекеттік билік органдарының, саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің заңға сәйкес өз құзыреттерін жүзеге

асыру қажеттілігі мақсатқа сай және қоғам алдында сенімін сақтау, оны жоғалтпау үшін қажет болып көрінуі мүмкін. Осыған орай, профессор Сапарғалиев Г.С. – «Конституцияда мемлекет, оның органдары және лауазымды тұлғалар азаматтың және қоғамның алдында өзінің функциялары мен өкілеттіктерін орындағаны үшін жауапкершілік көтеретіндігін жазу орынды болады» – деп атап өтті. Осындай жағдайды бекіту және жүзеге асыру оның саяси түсінігі көтерілген кезде, азаматты саяси биліктен шеттетуді еңсеруге үлкен мәні бар» [4].

Әрқашан да құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам және конституционализмнің қалыптасу барысына конституциялық- құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру мәселелері тікелей ықпал етеді. Ол Конституцияны құқықтық қорғау және қоғамдық мүдделерді қорғау механизмінің недәуір маңызды бөлшегі, құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекет басшысы конституциялық жауапкершіліктің ерекше субъектісі болып табылады, оған импичмент сияқты шара қолданылады.

XIV ғасырда Англияда, атқарушы билікке Парламенттің саяси ықпалының құралы ретінде пайда болған, уақыт өте келе бұл институт кеңінен таралды. Қоғамның билікке сенім көрсеткіші, жоғары мемлекеттік органның атқаратын жұмысына баға беру ретінде осы институттың маңыздылығы ерекше. Қазіргі таңда дерлік барлық заманауи Конституциялар конституциялық жауапкершіліктің шаралары қолданылуы мүмкін құқық бұзушылықтардың құрамын қарастырады. Оның қолданылуының конституциялық географиясы өте сан түрлі. Ол АҚШ-та, Оңтүстік Кореяда, Литвада қолданылады. Импичмент саяси күрестің формасы ретінде ғана емес, сонымен бірге, ұстамдылық және қарама-қарсылық жүйесі мен билікті бөлу принципін қамтамасыз ету құралы ретінде қарастыру қажет. Көптеген елдерде ауыр немесе басқа да құқық бұзушылықтарды жасау импичмент үшін негіздеме болып табылады. Парламентаризмнің дәстүрлі институтын алып жүретін партиялық-саяси бәсекелестік факторын да жоққа шығаруға болмайды. Осы институттың аралас саяси-заңды табиғатын ескере отырып, кейбір елдерде арнайы әділ сот органдары өз кезінде құрылған, мысалы Франциядағы Жоғары Әділ сот Палатасы сияқты. Конституциялық заңнама талдауы мемлекеттердің көпшілігінде импичмент тек қана Елбасына немесе олардың ортасы конституциямен анықталатын басқа жоғары лауазымды тұлғаларға (Грузия, Польша, Литва және т.б.) қатысты ғана қолданылуы мүмкін екендігін көрсетеді (Қазақстан, Ресей

және т.б.). Бір елдерде осы процеске Жоғарғы соттар қатыстырылған (Кипр және т.б.), басқа елдерде конституциялық бақылаудың мамандандырылған органдары (Алмания, Литва және т.б.), үшінші елдерде екеуі де тартылған.

АҚШ-та, заманауи елдердің көпшілігімен салыстырғанда Жоғарғы сот (алқалық орган ретінде) осы процедураны жүзеге асыруға мүлдем қатыспайды. Істі АҚШ-тың бас судьясының төрағалығымен Сенат қарастырады. Импичмент институтын талдауға арналған заңдық әдебиетте осыған байланысты, осы процедураны жүзеге асыруда сот органының қатыспауы заң шығарушыларға жиынтығында тартымды болып көрінетін бостандық және жауапкершіліктің ерекше қосындысын беретіндігі атап өтіледі. Ұлыбританиядағы Лордтар Палатасы жоғарғы сот инстанциясы болып табылады және импичмент *a priori* соттың қатысуынсыз ойластырылған деуге болмайды. [5].

АҚШ Жоғарғы соттың осы процедураға қатыспау себептерін талқылай отырып, «сот билігі осы трибуналдың мүшелері осындай қиын міндетті орындау кезінде қажет болатын қаттылыққа ие болғандығына күмән болғандықтан импичмент өткізуге жарамсыз» деп айтты. Кейбір кездерінде олардың тікелей өкілдері ұсынған айыптауға қарсы келетін шешіммен халықтың келісуі үшін қажет боп қалатын сенім мен билік дәрежесін пайдалануы одан да күмәнді.

Біріншісі айыпталушы үшін тұп-тура келеді, екіншісі – қоғамдық тыныштық үшін қауіпті. Жоғарғы Соттан да жария сот болуы қажет. Импичмент тәртібінде процессті жүргізетін сот қажеттілігіне қарай ие болған жан түршігерлік өкілеттіліктер – қоғамның ең сенім білдірілген және көрнекті өкілдерін ар-ожданға немесе немесе арсыздыққа кесу – оларды адамның аз санынан сеніп тапсыруға жол бермейді. Керісінше, Сенат – өз қалпында жеткілікті сенімділікті сезуге лайықты және қабілетті тәуелсіз трибунал [6].

Атап кетілген аргументтер даусыз болса да, олардың конституциялық заңнамада өз көрінісін алғандығын және екі ғасырдан артық уақыт бойы түбегейлі қайта қарап шығуға ұшырамағандығын атап өткен дұрыс. Жоғары лауазымды тұлғаның кінәлілігі туралы мәселені шешу құқығы берілген парламентариялардың көпшілігінің арнайы заңдық білімі жоқ екендігін ескере отырып, заманауи Конституциялар конституциялық санкциялардың заңдылығын қамтамасыз етуге және аталған процедураның заңмен алып жүрілуін кепілдендіруге тартылған конституциялық бақылау органдарының осы процеске қатысу қажеттігін қарастырады. Олай болмаса, жиі жағдайда импич-

мент процедурасының құқықтық емес, айқын көрінетін саяси реңкі болуы мүмкін. Нақты осы себептен Қазақстанда қылмыстарды жасағаны үшін мемлекет басшысы жауапкершілікке тартылуы мүмкін бірқатар қылмысқа қатысты шектеулер қойылған.

Өзге елдерде конституциялық юстиция органдарына елбасының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату процедурасын бағалау құқығына ие екендігі, ал олардың кейбіреулерінде тиісті шешімдер қабылданып та қойғандығын ескіруіміз қажет.

ҚР Конституциясының 47 – бабының 1-тармағында Президентті лауазымынан мерзімінен бұрын босату процедурасын қозғау бастамасы кімге тиесілі болуы мүмкін екендігі туралы ере-же жоқ, ол конституциялық процедураларға тікелей қатысы бар өте маңызды жағдай болып табылады. Бапта сонымен қатар, мемлекет басшысының ерікті түрде отставкаға кетуі туралы мәселе регламенттелмейді. «Науқастанғандықтан өз міндеттемелерін жүзеге асыруға тұрақты қабілетсіздігі кезінде» деген конституциялық жағдайды заңмен рәсімдеу немесе ресми түсіндіруді қажет етуі мүмкін.

Осы жағдайды анықтаудың нақты санаттардың болмауы әр түрлі түсіндіру алғышарттарын қалыптастырады. Заманауи саяси жүйе жағдайларында бұл мәселе сондай көкейтесті емес, бірақ болашақта жағдай өзгеріп кетуі және қосымша түсіндіруді талап етуі мүмкін. Сондай-ақ, егер қолданыстағы заңнама соған сәйкес Президенттің жеке өмірі және оның денсаулығы мемлекеттік құпия болып табылатын ережені қарастырса, комиссияны құрған кезде Парламент депутаттарының әрекеті қаншалықты заңды болатындығы да беймәлім. Себебі бұл жағдайда Бас прокурорда құпия деректерді жариялаумен байланысты бастамашыларды дербес құқықтығынан айыру және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы заңды құқық пайда болады. [6].

Жұмыстан кетіру процедурасы одан да күрделі. Конституцияға сәйкес өз міндеттемелерін орындау кезінде жасаған әрекеттері үшін Президент жауапкершілік көтереді, мемлекеттік опасыздық жасаған жағдайда ғана лауазымынан кетірілуі мүмкін. Қазақстан Республикасының (165-бап) Қылмыстық кодексінде мемлекеттік опасыздық деп «соғыс немесе қарулы қақтығыс кезінде жаудың жағына өтуден, сол сияқты тыңшылықтан көрінген сыртқы қауіпсіздік пен егемендікті босаңсыту немесе түсіру мақсатында, мемлекеттік құпияны айту немесе шетел мемлекетіне, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне Қазақстан Республикасына қарсы жаулық әрекет өткізуде ҚР азаматы жасаған қасақана әрекет» түсіндіріледі. Бірақ, көптеген елдер импичмент үшін негіздеме деп тек мемлекеттік опасыздықты ғана санамайды, сонымен

бірге оның құрамын парақорлықпен және басқа құқық бұзушылықтармен толықтырады, солардың қатарында адамгершілікке жат қылық та соңғы орында емес. ҚР Конституциясының 14-бабына сәйкес барлығы заңмен соттың алдында тең деп айтылған. Францияның конституциялық жүйесінде осы елдегі нақты саясат әжірибесі негізінде осындай жоғарыда көрсетілген алгоритм көрінісін алды. Қазақстанмен ол тең келмейді, себебі сол елде билік тармақтарының өзара қарым-қатынасының және шешім қабылдаудың формалды емес каналдары сақталған. Негізінен қолданыстағы жүйенің өмірге қабілеттілігін қамтамасыз ететін «ерекше мүдделер» бойынша қалыптасқан саяси институттардың ролін де және олардың конституциялық процеске белсенді ықпалын жоққа шығаруға болмайды. Қазақстандағы заңнамасының нормаларына сай жұмыстан кетіру дерегі елбасының кінәлілігін білдіруі мүмкін. Бұл өз кезегінде кінәсіздік презумпциясымен кейбір қарама-қайшылықтарға кіреді (77-б. 1-т.), себебі соған сәйкес «қылмыскердің кінәлілігі сот үкімімен заңдық күшіне енген болып танылмағанша қылмыс жасаудан кінәсіз болып есептеледі». Бірақ, үкімнің орнына, Конституция Президентті әрекеттерінде қылмыс құрамының болуы туралы Жоғарғы соттың қорытындысын ғана қарастырады. Осындай мәселелерін заңи тұрғыдан қарама-қайшылықтарды болдырмай реттеу қоғамның мемлекетке сенімін арттыруға жәрдемдеседі деп санаймыз.

Осы институттың мазмұнын талдау Президентті жауапкершілікке тарту үшін тек мемлекеттік опасыздық қана емес, сонымен қоса оның ант мәтінін бұзуы да теориялық негіздеме болатындығы туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Конституцияға сәйкес мемлекет басшысы «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Конституцияны қатаң сақтауға және республика заңымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіне жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің жоғары міндеттерін адал орындауға салтанатты түрде ант етеді». Ол антты беру Президент бұзған мәселелер үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін дегенді болжамдайды.

Анттың мазмұны Конституция мен заңдардың бұзылуын, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын шешімдерді қабылдау, экономикалық немесе саяси дағдарысқа әкеліп соғатын әрекетсіздік, моральдық-этникалық нормалар мен ережелерді және т.б. бұзуды жатқызуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл тізімде, жағдайға байланысты Президенттің жеке басы және Парламенттің саяси құрамы кеңейтілуі мүмкін. Жоғарғы лауазымды тұлғаның ант беруінің тек салтанатты ғана емес, соны-

мен бірге конституциялық-құқықтық та мәні бар, соған орай, оның конституциялық-құқықтық салдары болуы тиіс.

Басқаша түсіну логикаға қайшы және мағынасыз болп көріну мүмкін. Елбасыларының Конституцияны кез келген түрде бұзуы мемлекеттің халықаралық беделін түсіруі, елдің саяси өмірінде жағымсыз беталысымен қоса жүруі мүмкін, халықтың мемлекеттік билікке сенімін түсіреді немесе жояды. Сол себепті осыны ескере отырып, антты бұзу Конституцияны өрескел бұзу және конституциялық жауапкершілік үшін негіздеме болып табыла ма, соны нақты анықтап алу қажет.

Сондай-ақ, импичмент бастамашыларын анықтауға қатысты сұрақтар бар. Конституцияға сәйкес ол қазір тек Мәжіліс депутаттарынан ғана шығуы мүмкін. Бірақ, егер мемлекеттік опасыздық деректері, мысалы, мұндай бастамаға ие емес сенаторлар немесе құқық қорғау органдарында болып қалса не істеу керек. Олар өз бетінше бұл туралы айтуға құқылы ма немесе барлық қажетті ақпаратты Мәжіліске беруге міндетті ме, бұл құқықты жүзеге асыру механизмі, оның заңдық және саяси салдары қандай. Заңнама ішінде жоғарғы биліктен аластатылған тұлғаның құқықтық мәртебесі және оның болашақта мемлекеттік лауазымдарды атқару мүмкіндігі, сайлауларда және басқа қоғамдық-саяси акцияларда қатысуы туралы мәселелер аяғына дейін реттелмеген және өз шешімін күтуде.

Белгіленген мәселелердің көпшілігі ресми түсіндіру аясында дасәтті шешілуі мүмкін. Шетелдік тәжірибеге жүгінуге болады. Мысалы импичмент институтын сәтті қолданған еуропалық елдердің ішінде Литва Республикасы жалғыз болып қалғандығын атап айтамыз. Осылайша, тіпті 2004 жылы осы елдің Конституциялық Соты Президент Негізгі Заңды үш тармақ бойынша өрескел бұзды деп таныған: оның сайлау кампаниясына қаржылай қолдау көрсеткен Ресей азаматына литва азаматтығын беруі; мемлекеттік құпияның сақталуын қамтамасыз етпеуі және жеке бизнеске заңсыз ықпал етуі. Өз қаулысында, шеттетілген тұлғаның сайлауға қайта қатысу мүмкіндігі туралы мәселені шеше отырып, Сот «Литва Конституциясында олқылық жоқ және болуы да мүмкін емес» деп атап айтты. Ол жерде импичменттің сейм процесімен Конституция мен антты өрескел бұзғаны үшін республика Президентін лауазымынан аластатқан тұлға ешқашан да республика Президенті болып сайлана алмайтындай етіп құқықтық реттеу орнатылған. Заманауи демократиялық мемлекетте Конституция мен антты өрескел бұзған тұлға конституциялық жауапкершіліктен құтылып кетпеуі тиіс. Басқаша түсіну импичмент институтының өзін заңдық тұрғыда мағынасыз ететін



еді және Конституцияда көрсетілген анттың мәнісі мен мақсаттары мен үйлеспейтін еді»[8].

Осылайша, импичмент институтының қосарлы табиғаты бар. Конституциялық-құқықтық жауапкершіліктің форма- сы ретінде әрекет ете отырып, саяси процесстің бөлшегін ұсынады және осы рольде мемлекеттің жоғарғы лауазымды тұлғасының саяси жауапкершілігінің институты болып табылады.

#### **Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:**

1. *Колосова Н.М.* Конституционная ответственность в РФ. – М.: Городец, 2000. – С. 9-10.

2. *Ежи Дж. Виатр.* Конституционная ответственность в Польше. Конституционное право: Восточно-европейское обозрение. –1996. – № 2 (15) – С. 12-15.

3. *Сапарғалиев Г.С., Салимбаева Ж.Ч.* Проблемы конституционной ответственности. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. –152 с.; *Айтхожин К.К.* Теоретические вопросы Конституции Республики Казахстан // Автореф... на соиск. уч. степени доктора юрид. наук. – Алматы, 2008.– С.20.

4. *Сапарғалиев Г.С.* Становление конституционного строя Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – С.67.

5. *Статкявичус М.* Перспективы развития института импичмента в современном государстве // Правоведение. – 2004. – № 5. – С.46-49.

6. *Ильин А.В.* Импичмент главы государства: историко-теоретические акценты // Правоведение. – 2004. – № 5. – С. 64-67.

7. «Мемлекеттік құпиялар туралы». Қазақстан Республикасының Заңы 15 наурыз 1999 ж. // <http://adilet.zan.kz>

8. Конституционное правосудие в странах СНГ и Балтии // Дайджест официальных материалов и публикаций периодической печати. – М., 2005. –№ 13.–140 с.

**УДК 342****ДОВЕРИЕ К ПОЛИЦИИ:  
СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ****Бекежанов Аян Сергалиевич**

*Академия правоохранительных органов  
при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
докторант, магистр национальной  
безопасности и военного дела,  
Республика Казахстан, г. Косшы*

Вопрос доверия к государству остро стоит несколько лет и не теряет своей актуальности в нынешнее время. Доверие населения к государству выступает как один из параметров оценки государства обществом. Без доверия государство утратит свою способность к росту, так как проводимая политика не будет поддержана его гражданами. Дефицит доверия населения является тревожным сигналом для государства о необходимости пересмотра своей деятельности и принятия эффективных мер для исправления ситуации. В связи с чем данный вопрос актуален и остро стоит на повестке дня государства, организации образования.

На начальном этапе построения независимого Казахстана большое внимание уделялось созданию государственного аппарата, соответствующего новому времени, подготовка и издания собственного законодательства. Однако недостаточно уделялось внимание взаимодействию государства и общества, в связи с чем в последнее время государством пристальное внимание уделяется вопросам взаимодействия государства с обществом.

Существует ряд документов Президента Республики Казахстан о переводе полиции на общественно-ориентированные подходы или, как нам более известно, «сервисная модель» полиции.

В 2018 году Глава государства Н.А. Назарбаев в Послании народу Казахстана дает указания Правительству и Администрации Президента РК о принятии Дорожной карты по модернизации органов внутренних дел, где выделяется переход полиции к сервисной модели полиции, где ключевым параметром в оценки деятельности полиции будет являться степень доверия населения [1].

Данное решение своевременно, так как оценка деятельности полиции осуществляется по ведомственным показателям, а повышение доверия граждан и удовлетворенность безопасностью остается на низком уровне.

В 2019 году Глава государства К.-Ж.К. Токаев продолжает вектор реформирования полиции и ставит цель реформирование полиции, уход полиции от силового инструмента государства в оказания услуг населению по безопасности [2].

В 2020 году Глава государства К.-Ж.К. Токаев выделяет фрагментарность реформы полиции и основ «сервисной модели» полиции. Тем самым затрагиваются административно-юрисдикционные полномочия участкового инспектора полиции, должностного лица, постоянно контактирующего с населением страны по различным вопросам [3].

В 2021 году запущен пилотный проект внедрения «сервисной модели» полиции в некоторых регионах страны, и необходимо вовлечение местной власти в организации реформы [4].

В 2021 году утвержден Президентом Республики Казахстан следующий документ «Об утверждении Концепции развития государственного управления Республики Казахстан до 2030 года» от 26 февраля 2021 года за № 522, в котором заложены процессы преобразования государственного аппарата.

В данной концепции определены проблемные зоны в реформирование государственного аппарата. Одной из таких проблемных зон является низкий уровень доверия граждан к судебной и правоохранительным системам.

В концепции проводится анализ текущей ситуации, который показывает недоверия граждан в связи с непредсказуемыми действиями сотрудников правоохранительной системы. Тем самым государство признает недоверие населения страны к государству. Первый шаг к решению проблемы был сделан признанием неэффективности деятельности государственных органов и отстранения от реальных проблем общества. В результате запланированы шаги по укреплению доверия граждан, а также основным критерием деятельности правоохранительной системы выделено доверие населения.

Внедрение общественно-ориентированных подходов деятельности полиции (сервисной модели) со смещением акцента с борьбы с последствиями на профилактику правонарушений. Быть на шаг впереди и прогнозировать возможные угрозы безопасности – вот что необходимо сейчас правоохранительной системе.

Вопросы доверия населения к правоохранительным органам, в общем, и полиции в частности становятся частыми объектами исследования. Для выявления уровня доверия населения полиции были взяты результаты социологических исследований, проводимых Академией правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан (далее – Академия) и Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан (далее – Бюро национальной статистики).

Бюро национальной статистики ежегодно проводит социологические исследования по измерению уровня доверия населения к правоохранительным органам.

В 2020 году Бюро национальной статистики провело исследование по вопросам уровня доверия населения к правоохранительным органам, где 37,0% населения полностью согласны с утверждением, что органам полиции можно доверять, что на 1,3% меньше по сравнению с 2019 годом (38,3%).

Отметившие, что частично согласны – 38,4% (за 2019 год – 51,2%), частично не согласны - 6,3% (3,3%), полностью не согласны - 2,7% (2,3%), никогда не сталкивались с данной структурой - 15,6% (4,9%) [5].

Ноябрь-декабрь 2021 год 41,0% населения полностью согласны с утверждением, что органам полиции можно доверять, что на 3,0% больше по сравнению с 2020 годом (37,0%).

Отметившие, что частично согласны – 33,6%, частично не согласны - 4,3%, полностью не согласны - 2,2%, никогда не сталкивались с данной структурой - 18,9%.

Октябрь-ноябрь 2022 год 39,5% населения полностью согласны с утверждением, что органам полиции можно доверять, что на 1,5% меньше по сравнению с 2021 годом (41,0%).

Отметившие, что частично согласны – 38,0%, частично не согласны - 5,2%, полностью не согласны - 2,0%, никогда не сталкивались с данной структурой - 15,3% [6].

Исследование, проведенное Академией, отличается тем, что вопрос «доверяете правоохранительным органам» общий и включил в себя четыре правоохранительных органа. Ответы даны в следующем процентном соотношении «доверяю» выбрали 33,53%, «не доверяют» 33,37%, затруднились ответить 33,37% респондентов [7, с. 75]

Также есть уточняющий вопрос «Ваше отношение к органам полиции», где 38,87% граждан ответили, что отношение зависит от ситуации, при которых они столкнулись с сотрудниками полиции, 36,65% граждан

относятся положительно к полиции и 12,14% относятся отрицательно к полиции, затруднились ответить 12,31% [7, с. 82]

Работу полиции 48,62% граждан оценили положительно, отрицательно оценили – 21,21% граждан и затруднились ответить 30,17% [7, с. 85].

Проанализировав данные исследования, пришли к такому выводу, что современное состояние доверия к полиции находится на низком уровне и колеблется от 33% - 40%.

### ***Причины низкого доверия населения.***

Причины недоверия населения всегда основаны на личном опыте взаимодействия с полицией и опыта третьих лиц (СМИ, социальные сети, друзья, знакомые).

По данным Бюро национальной статистики 36,4% респондентов считают, что деятельность полиции связана с репрессивными мерами, чем с защитой прав граждан, 31,9% считают, что сотрудники полиции коррумпированы, 25,9% респондентов отмечают низкий профессионализм сотрудников полиции, 20,7% ранее обращались к сотрудникам полиции, но не получили положительного опыта, 9,4% испытывают страх при встрече с сотрудником полиции [6].

По данным исследования, проводимая среди населения причины низкого доверия является коррупция сотрудников правоохранительных органов -56,44%,низкий профессионализм сотрудников правоохранительных органов - 45,45%,распространенность земляческих и родственных связей - 44,50%,несовершенный подбор кадров - 34,59%,низкая мораль - 29,81%,низкая заработная плата сотрудников правоохранительных органов - 28,48%,слабая материально-техническая база 17,73%,низкая социально-правовая защищенность - 16,54%,текучесть кадров -14,07% [7, с. 88].

По данным исследования, проводимая среди сотрудников правоохранительных органов причинами низкого доверия является низкая заработная плата - 48%,слабость материально-технической базы - 28,52%,низкая социально-правовая защищенность сотрудников - 24,08%,текучесть кадров,несовершенство подбора кадров - 16,71%,коррупция - 9,41%,низкая мораль - 7,56%,слабая зависимость карьерного продвижения от уровня образования, квалификации - 9,93%,слабость / отсутствие зависимости карьерного продвижения от результатов работы - 10,45% [7, с. 89-90].

Анализ вышеуказанных исследований позволяет сделать вывод, что существует три блока причин низкого доверия граждан.

Первый блок, это недостаточная информированность населения. Население уверено, что полиция использует только меры наказания, однако полиция выполняет и иные задачи, которые освещаются в социальных сетях каждого органа полиции. Также общество испытывает страх при встрече с сотрудниками полиции, однако при встрече с сотрудником полиции должны образоваться иные чувства, а именно защищенности и безопасности.

Второй блок причин — это кадровые вопросы, недостаточно совершенный подбор кадров, низкая мораль сотрудников полиции, слабость зависимости карьерного роста от результатов работы, текучесть кадров.

Третий блок это финансирование, низкая заработная плата, слабость социально-правовой защищенности сотрудников полиции, слабость материально-технического обеспечения, что, по нашему мнению, становится главным двигателем коррупции.

### ***Меры по укреплению доверия населения***

Исследовав вопрос доверия к полиции, приходим к выводу, что необходимы меры, которые позволят укрепить доверия населения. К таким мерам отнесли:

- 1) регулярные отчеты местных полицейских органов, которые проводятся участковыми инспекторами полиции, начальниками районных, городских, областных подразделений полиции;
- 2) реагирование на поступающие в СМИ, социальных сетях информации, касающихся деятельности полиции, предоставления достоверной, официальной информации в течение 24-часов;
- 3) привлечение общественности в качестве волонтеров в деятельности полиции;
- 4) повышение и переквалификация кадров с учетом новых достижений юридической науки;
- 5) организация телефонов доверия для оставления отзывов о деятельности полиции, а именно при встрече с сотрудниками полиции.

Данные меры не являются исчерпывающими, но, по нашему мнению, они приведут к укреплению доверия граждан к сотрудникам полиции, а также позволят качественно и быстро реагировать на запросы общества и проводить анализ эффективности деятельности полиции.

Ученый Сабирдинов Б.С. отмечает, что дальнейшее развитие доверия к полиции приведет к созданию доброжелательного государства и хорошо организованного общества [8, с. 307].

Сайтбеков А.М. и Адалиев Н.К. по данному вопросу в своем исследовании выделяют получение новых навыков для полицейского персонала, а именно работу с населением как с партнерами, презентация работы полиции населению, привлечение других государственных и негосударственных органов по улучшению благосостояния населения [9, с. 90]. Будучи солидарны с мнениями вышеуказанных ученых, они также говорят о партнерстве между двумя сторонами.

Ученые в своем исследовании делятся мнениями о создании рабочего альянса (союза), в котором все заинтересованные стороны будут участвовать в формировании повестки дня [10, с. 108]. В результате этого будет образовано партнерство между объединениями граждан и государственными органами, которые в свою очередь наладят эффективное и целесообразное сотрудничество, распределяя полномочия в соответствии с общественными интересами [8, с. 350]

И немаловажное значение имеет исследование Утегенова Ч.К. и Ибраевой А.К., в котором они уделяют внимание повышению качества культуры и этики сотрудников полиции [10, с. 34]

Перспективой развития доверительных отношений между государством и обществом является создание партнерского сообщества. Сотрудничество принесет вклад в обеспечение общественной безопасности, так как деятельность полиции будет ориентирована на нужды общества.

#### **Список использованных источников:**

1. Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 5 октября 2018 года // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K18002018\\_1](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K18002018_1)

2. Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана: Послание Президента Республики Казахстан. 2 сентября 2019 года // [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana)

3. Казахстан в новой реальности: время действий: Послание Президента Республики Казахстан. 1 сентября 2020 года // [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g)

4. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания народа: Послание Президента Республики Казахстан. 1 сентября 2021 года // <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>

5. Отчет по качеству: Уровень доверия населения к правоохранительным органам за 2020 год // [https://stat.gov.kz/upload/iblock/4a3/tn306mdgrbl9j5t73urpwky1qegailmq/%D0%A3%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D1%8C%20%D0%B4%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F%20%D0%BD%D0%B0%D1%81%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%20%D0%BA%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%D0%BE%D1%85%D1%80%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%82%D0%B5%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%BC%20%D0%BE%D1%80%D0%B3%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D0%BC%20%D0%B7%D0%B0%202020%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4.pdf?sphrase\\_id=106947](https://stat.gov.kz/upload/iblock/4a3/tn306mdgrbl9j5t73urpwky1qegailmq/%D0%A3%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D1%8C%20%D0%B4%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F%20%D0%BD%D0%B0%D1%81%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%20%D0%BA%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%D0%BE%D1%85%D1%80%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%82%D0%B5%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%BC%20%D0%BE%D1%80%D0%B3%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D0%BC%20%D0%B7%D0%B0%202020%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4.pdf?sphrase_id=106947)

6. Об уровне доверия населения к правоохранительным органам (обследование проведено в октябре-ноябре 2022 года) // <https://stat.gov.kz/upload/iblock/179/ogleydeqhw2z8wil5q8p4f87920m3f0w/%D0%A3%D0%94%D0%9D%20%D1%80%D1%83%D1%81.pdf>

7. Доверие населения как индикатор деятельности правоохранительных органов: Монография / Коллектив авторов. Под общ. ред. Г.К. Шушиковой. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2021. – 168 с

8. Сабирдинов, Б. С. Уровень доверия населения как критерий оценки деятельности полиции в условиях ее модернизации / Б. С. Сабирдинов // Деятельность правоохранительных органов в современных условиях: Сборник материалов XXVII международной научно-практической конференции, Иркутск, 03 июня 2022 года. – Иркутск: Восточно-Сибирский институт Министерства внутренних дел Российской Федерации, 2022. – С. 357-361. – EDN NXUBVN.

9. Сайтбеков, А. М. Переход к сервисной модели полиции в Казахстане / А. М. Сайтбеков, Н. К. Адалиев // Наука. – 2020. – № 3(66). – С. 87-93. – DOI 10.47450/2306-451X-2020-66-3-87-93. – EDN AQQZKA.

10. Utegenov С. К., Ibrayeva А. К. Некоторые вопросы имиджа и доверия общества к деятельности органов внутренних дел в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия Юридическая. – 2020. – Т. 92. – №. 4. – С. 28-36.



**УДК 340****ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ БАРЫСЫНДА ОҚЫТУ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Бакирова Амина Маратқызы**

*Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы  
Алматы академиясы, құқық қорғау қызметін басқару  
кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

Көпұлтты Қазақстан жағдайында елдің болашағына қызмет ететін патриоттарды тәрбиелеу қажет. Патриотизм мәселесі көне де әлі күнге өзектілігін жоймаған, әсіресе жанандану жағдайында басты мәселелердің бірі. Патриоттық тәрбие берудің бірнеше жолдары бар. Ең бірінші өз бойымызда және өскелең ұрпақтың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Қазақстандық патриотизм - Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсауды талап етеді. Қазақстан Республикасының үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасында басым бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбиенің бекітілуі де бекер емес. Тұжырымдаманың басты міндеттері болып:

- жас ұрпақты тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен болашағын қоғамның түсінуін өзектендіру;
- тәрбиенің міндеттерін жүзеге асыруда интеллектуалдық, ұйымдастырушылық - педагогикалық, кадрлық, экономикалық, әдістемелік және т.б. ресурстарды шоғырландыру;
- жастардың түрлі әлеуметтік топтармен өзара қарым - қатынасын реттеуінде жауапты шешім қабылдай алатын және өзіне жетекшілік рөл ала білетін, дербес жеке тұлға ретінде ашық ақпараттық, білікті, іскерлік және коммуникативтік әлеуметтік кеңістік құруды ұйымдастыру;
- жас қазақстандықтарды толеранттық құндылықтар, келісімділік пен ұлтаралық қатынас мәдениеті негізінде тәрбиелеу;

- білім алушылардың қоршаған ортаға, қоғамға, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндіктуғызу, әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау және т. б.

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;

- білім алушы жастарды отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;

- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс - әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің жолдауында: Қазақстан патриотизмінің іргетасы - барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады - деген болатын.

Бүгінгі жаңарған білім беру жағдайында жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, яғни, тәрбиені гуманизациялау мен демократияландыру жағдайында жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру мәселесі күн тәртібіндегі алға қойылған міндеттердің бірі. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, өндіріс күшінің қарқынды дамуы мен ұлтаралық татулық, сонымен қатар көп ұлтты Қазақстан жағдайында елдің болашағына қызмет ететін патриотизмді дамыту ауадай қажет. Өндіріс пен техниканың қай саласында болсын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырумен қатар отанға қызмет етуге дайын, жаңа қоғамдық қарым-қатынастың қозғаушы күшіне айналатын патриот жас ұрпақты өмірге дайындау қоғамның жаңа талабынан туындап отыр. Республика аймақтарында білім беру үрдісінде патриоттық тәрбиені ұйымдастыруда шешімі табылмай жатқан мәселелер көп. Олар:

- тұлғаға қоғам тарапынан жаңа талаптардың қойылуы;

- тәрбиенің мақсаты мен басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік беретін нақты идеологиялық бағдарлардың жеткіліксіздігі;
- қоғамның әлеуметтік жіктелуі;
- оқыту рөлінің жоғары бағаланып, тәрбие рөлінің толық бааланбауы;
- педагогтардың жалпы адамзаттық құндылықтарға жауапкершілікпен қарауды қалыпқа келтіру әрекеттері үнемі тиімді бола бермейді;
- отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі;
- адам өмірін аса маңызды құндылық ретінде бағаламау, салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру дағдыларының толық қалыптаспауы;
- тәрбиенің жаңа парадигмасының ғылыми - әдістемелік жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;
- педагогтардың осы заманғы білім беру әдіс-тәсілдері мен тәрбие технологияларын жеткіліксіз меңгеруі және т.б.

Оқу-тәрбие үдерісі тұтас жүйе ретінде тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу және білім беруді қамтитын күрделі жүйе. Сондықтан оқыту үдерісінің тәрбиелік идеясын күшейту өте маңызды. Яғни, сабақ оқыту үдерісінің негізгі формасы болғандықтан, оның тәрбиелік мәнін айқындаудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының білім берудің базалық мазмұны бойынша жоғарғы оқу орындарында «Қазақстан тарихы», «Экология», «Әлеуметтану», «Жалпы психология», «Философия», «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» пәндері енгізілген. Мысалы, қазақстан тарихы пәнінің әр бір тарауларында кездесетін тарихи оқиғалар, ауыз әдебиетінің үлгілері, халық жадында сақталған тарихи оқиғалар (Сақтар, Ғұндар, Түркі қағанаты, т.б. дәуірлеріндегі тарихи аңыз оқиғалар, бабаларымыздың жауынгерлік, ерлік әрекеті, т.б.) тек білім берудің қайнар көзі ғана емес, білім алушыға патриоттыққа тәрбиелеудің құралдары бола алады. Бұл базалық білім мазмұнын құрайтын пәндер жүйесі гуманитарлық және техникалық пәндер жүйесі бойынша патриоттық тәрбие берудің – негізгі жол болып табылады. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады.

Патриоттық тәрбие беруде оқытудың әдістерінің түрлері сан алуан. Жалпы айтқанда, оқыту әдісі дидактиканың негізгі бір құрамды бөлігі болып табылады. Кез келген педагогикалық оқулықты талдасақ, онда оқыту әдісі ұғымына сан алуан анықтама берген. Мәселен, Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова: «Оқыту әдістері – оқытудың мақсат – міндеттеріне сай оның мазмұнын білім алушыларға меңгертуде оқытушы мен білім


алушылардың қолданылатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады» - дейді. Ал, Ресей профессоры П.И. Пидкасистый: «Оқыту әдістері – дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған оқытушы мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті» - деген анықтама береді. Педагог ғалымдардың оқыту әдістеріне берген анықтамаларын саралай отырып біз оқыту әдістері дегеніміз оқыту процесінде оқытушы мен білім алушының белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған бірлескен іс - әрекеті деген анықтамаға қосыламыз. Патриоттық тәрбие беруде осы аталған дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа проблемалық әдіс, эвристикалық, зерттеу, монологтік әдіс пайдаланудың маңызы ерекше. Сонымен қоса, оқу-тәрбие үрдісінде білім алушыларға патриоттық тәрбие беруде оқытудың формалары мен түрлерінің әсері айрықша. Оқыту әдістерінің үлгілерін пайдалану нәтижелі болу үшін оқытушы оқытудың формаларын (дәріс, семинарлық сабақтар, тренингтер, білім алушының өзіндік жұмысы т.б.,) түрлендіріп алмастырып отырады.

Тыңдаушыларға тапсырмалар проблемалық оқыту (тақырыпқа сай білім алушы алдында проблема туғызу), дәстүрлі оқыту (аудиториялық), бағдарламалық оқыту (берілетін оқу материалы бөліктерге бөлініп, білім алушыларға олардың дербес ерекшеліктеріне сай беріледі) арқылы меңгертіледі.

Патриоттық тәрбие беруде оқу-тәрбие үрдісінде дамыта оқытуды жүзеге асырудың маңызы ерекше. Дамыта оқыту технологиясы қазіргі уақытта жаңа әрі нәтижелі технологиялардың бірі болып келеді. Дамыта оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің XVII ғасырда «Ұлы дидактикасында» айтып, талдап берген. Содан кейін орыс ғалымдары К.Д. Ушинский, Л.С. Выготский еңбектерінде қарастырылып, 1969 жылдары Ресейдің психолог ғалымдары: Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов көтерді. Дамыта оқытуды жүзеге асырудың аталған бағыттарына жеке-жеке тоқталып, білім алушыларға патриоттық тәрбие беруде оқытушының жұмыс жүргізу барысында басшылыққа алады.

Дамыта оқыту технологиясы бойынша деңгейлік тапсырмалар арқылы төрт деңгейді көздейді: міндетті деңгей, алгоритмдік деңгей, эвристикалық деңгей және шығармашылық деңгей.

Бірінші, міндетті деңгей тапсырмалары:

 берілген тапсырманы қабылдауға, түсінуге, ұғынуға бағытталады;

 жаттап алуға лайықты келеді.

Екінші, алгоритмдік деңгейде тапсырманы реттеуге және жүйелеуге берілген сұрақтар жатады.

Үшінші, эвристикалық деңгейдің тапсырмалары білім алушы пәннен алған білімдерін тиісті жерде қолдана алуға бағыттайды. Төртінші деңгей, шығармашылықтың тапсырмалары білім алушыны өзіндік әрекет жасауға бағыттайды, яғни шығармашылықпен айналысады. Мұнда білім алушының қиялының орны ерекше. Білім алушы шығармашылығының түрлеріне тақырып бойынша өз бетінше іздену, сөздікпен жұмыс істеу, тәжірибеден мысалдар келтіру жатады.

Ойын арқылы оқытуда оқу үрдісіне ойын түрлері немесе тренингтер қолданылады. Орта білім беру мен қатар жоғарғы білім беру мекемелерінде де ойындық тренингтердің маңызы ерекше. Оның себебі, білім алушының алғашқы кезеңде ортаға бейімделуінде бірден оқу әрекетіне көшу қиын болғандықтан ойын арқылы біртіндеп оқу әрекетіне төселдіреміз. Ойын сабақтың белгілі бір кезеңінде тақырыпқа сай қолданылады. Олар білім алушының сөйлеу тілін жаттықтырып, дамытумен қатар тәрбие мақсаттарының орындалуына да әсер етеді.

Топтық жұмыстарға біріңғай топтық жұмыс және сараланған топтық жұмыс жатады. Біріңғай топтық жұмыс барысында барлық топ бірдей тапсырма орындайды. Сараланған топтық жұмыстарда тапсырма топтың қабілетіне, мүмкіншілігіне, сұранысына қарай сараланады.

Сондай-ақ тәрбие жүйесінің барлық субъектілерінің қызметін жұмылдыра отырып, яғни ұжымды ұйымдастыруда, білім алушының ынталылар тобын немесе клуб бірлестіктерін, тәлімгерлер кеңесінің қызметін киліктіре отырып, отанын, елін қорғаушылар клубтарын, үйірмелері мен әртүрлі іс-шаралар жүйесін қалыптастыру маңызды. Мысалы, бүгінгі білім беру мекемелерінде патриоттық сезімге ұмтылдыратын бірлестіктер, пікір-сайыс клубтары, әскери-патриоттық сайыстар, т.б. өз деңгейіндегі тәрбиелік мәні бар жұмыстар жүргізілуде. Осындай іс-шараларды жүргізуде әрбір жеке тұлғаның белсенділіктері қалыптасып, патриоттық тәрбие жүзеге асады.

#### **Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:**

1. Психология. Педагогика. Этика. Учебник для вузов/ О.В. Афанасьева, В.Ю. Кузнецов, И.П. Левченко и др.; Под ред проф. Ю.В. Наумкина. - М.: Закон и право, ЮНИТИ, 2015.
2. Психология и педагогика в правоохранительной деятельности органов внутренних дел. Учебное пособие/ Под ред. канд. юрид. Наук И.Д. Мариновской. - М.: МЮИ МВД России; издательство «Щит-М», 2016.
3. Столяренко А.М. Психология и педагогика: Учебное пособие для вузов. - М., 2014.
4. Юридическая педагогика: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности 021100 «Юриспруденция» (Беличева С.А., Бе-

ляева Л.И., Буданов А.В. и др.); Под ред. проф. В.Я. Кикотя, проф. А.М. Столяренко. - М.: ЮНИТИ - ДАНА, Закон и право, 2015.

### **ӘОЖ 349.3**

## **ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА СЕНІМІ МӘСЕЛЕСІ**

### **Дабылтаева Мақпал Мамедалиқызы**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
6D03101-Әлеуметтану мамандығы, 2-курс докторанты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

Сенім мәселесі көп аспектілі феномен. Бүгінде сенім мәселесін әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, психологдар, философтар, мәдениеттанушылар мен қатар қолданбалы ғылым саласында да кеңінен зерттеу үрдісі байқалады. Елімізде және әлемде болып жатқан өзгерістер, жаңа үрдістер сенім феноменінің жаңа келбетін анықтау барысында. Себебі қоғамдағы сенім мәселесі қоғамдық құрылымның барлық жүйелерінде ұжымдық қарым-қатынас индикаторы, әлеуметтік капитал құралы болып табылады. [1]

Философия ғылымында сенім феноменін Аристотель, Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж-Ж.Руссоның мемлекет туралы теориялық тұжырымдамалары негізінде қарастырылады. Олар сенім құбылысын мемлекеттің өмір сүруіне қажетті жағдай деп қарастырды, енді біреулері маңызды емес деген пікірде болды.

Психология ғылымында сенім ұғымын эмоционалды қатынастар деп қарастырады яғни, мінез-құлық элементтерінің когнитивті, эмоциональды қатынасы.

Әлеуметтану ғылымында екі негізгі тәсіл арқылы қарастырылады: біріншісі, рациональды (өткеннің тәжірибесіне сүйене отырып, есепке негізделген), иррациональды (ішкі сенімдер мен сезімдерге негізделген) сенім құбылысы.[2]

Сенім мәселесін зерттеудің қазіргі заманғы жалпы әлеуметтік тәсілдерінің ішінде бірнеше негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Э. Эриксон - балалық шақта қалыптасатын және әлеуметтену процесінде

дамитын әлем туралы танымдық идеялардың жиынтығы ретінде негізгі сенім туралы жазды; Г. Гарфинкель - этнометодологиялық зерттеулерде сенімді феномен ретінде қарап, «ашу керек» керек фактор ретінде анықтады; П. Бурдые- сенімді жергілікті тәртіпті сақтауға бағытталған прагматикалық мінез-құлықтың элементі деп санады; Э. Гидденс сенімді анықтау үшін қазіргі заманғы қауіп-қатер қоғамында қажет болатын қоршаған ортаның болжамды моделін құрайтын «қорғаныс коконы» метафорасын ұсынды[3].

Осы тұрғыда сенім феноменін зерттеп жүрген әлеуметтанушы ғалым Н.М. Байковтың зерттеулерінде, адамдар арасындағы сенім қоғамдық мәселелерді шешуде адамдардың қоғамдық ұйымдарда, әлеуметтік бірлестіктерде өзара бірігуіне себеп болып, әсер ететін маңызды жағдайдың бірі деп тұжырымдады.[4]

Ғылымда сенімнің негізгі үш түрін қарастырады. Олар: институционалды, тұлғаралық және жалпы (жалпылама) сенім. Жалпы сенім дегеніміз- бір қауымдастық арасындағы адамдардың қарым-қатынасы, мысалы: отбасында, жұмысында т.б қауымдастықтар. Тұлғаралық сенім- байланыстың бір түрі болып табылатын, бір немесе бірнеше адамның белсенді қарым-қатынасы. Институционалды сенім- институттардың тұлғаға билік жүргізу арқылы, «азамат-институт» қарым-қатынасы форматында көрініс табатын сенім түрі.

Ян Фузенің теориясына сүйенсек, сенім ол әлеуметтік феномен, атап айтқанда «ұжымдық қарым-қатынастың индикаторы» деп қарастырады. Осылайша қандай да бір қарым-қатынаста бір-бірінен күтілетін әрекетті орындауға тырысатын екі субъект болады. Бұл дегеніміз, әлеуметтік институт пен азаматтар арасында ортақ мақсатқа жету үшін қандай да бір ұжымдық қарым-қатынастың орын алуы дәлел болып табылады. [5]

Ұжым, қауымдастық арқылы қоғам құрылады, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени және экономикалық құндылық бағдарлар негізінде топтық ерекшеліктер мен қажеттіліктер қалыптасады. Осы қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін қарым- қатынас каналдары арқылы әлеуметтік институттармен байланыс орын алады, қалыптасады. Әлеуметтік институттар қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыратын механизмдерді жүзеге асыратын құрылым. Ал сенім- әлеуметтік институттар мен процесстердің қызмет етіп, шешім қабылдау үшін басты құрал болып табылады.

Институционалды сенімнің деңгейі бірнеше қоғамдық факторларға байланысты. Олар: мәдениет, институционалды орта, экономикалық және әлеуметтік орта, мемлекеттік билік органдары қызметінің нәтижелігі мен тиімділігі.

Сенім құбылысы қоғамдағы барлық әлеуметтік институттармен тікелей, етене байланысып бірге қызмет ететін құбылыс. Әлеуметтік институттар адамдардың, топтардың, қауымдастықтардың, ұйымдардың өзара белгілі бір мүддеде бірлесіп әрекет етуі арқылы қызмет ететін жүйе болып табылады. Олар қоғамдағы негізгі институттар: мемлекет және отбасы, экономика және саясат, өндірісі, мәдениет және ғылым, тәрбие, БАҚ және қоғамдық пікір, құқық және білім. Әлеуметтік институттар қоғам үшін ерекше маңызды әлеуметтік қатынастардың шоғырлануына және көбеюіне, сондай-ақ жүйенің өмірінің барлық негізгі салаларында-экономикалық, саяси, рухани және әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді. [5]

Әлеуметтік институттар туралы қазіргі заманғы әлеуметтанулық зерттеулерде Р.Милс классификациясы кең қолданысқа ие. Ол негізгі бес фундаменталды институтты қарастырады. Оларға: экономикалық институт (шаруашылық қызметті ұйымдастырушы институт), саяси институт (билік институты), отбасы институты (ұрпақ әкелу, әлеуметтендіру, жыныстық қатынас), әскери институт (құқықтық, заңнамалық мұраны жалғастырушы), діни институт (құдайға сыйыну, ұжымдық сенім).

Тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі мәселесі аталған қоғамдық институттардың бірнеше жүйесімен тікелей байланысты. Жоғарыда аталған қазіргі заманғы әлеуметтік институттардың барлығы кіші және үлкен әлеуметтік топтардан тұрады. Әлеуметтік топ мүдесіне байланысты қауымдастықтарға ұласады. Осы бір әлеуметтік топтардың құқық қорғау органдарына сенімі, қоғамдық деңгейдегі тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімін қалыптастырады.

Сенімнің тарихи қалыптасуына келетін болсақ қандай да бір қоғамда болмасын сенім процессі ол діни, мәдени, тарихи таныммен тікелей байланысты. Мемлекеттердің саяси-экономикалық дамуы, қоғамдық құрылымның күрделенуі сенімді жаңа формаларға түрлендіре түсті. Тұрғындардың сенімі бүгінде қоғамдық стереотиптерге негізделген дүниетаным мен қоғамдық пікір негізінде қалыптасқан. Ол қоғамдық пікірлерге, стереотиптер мемлекеттің саяси, экономикалық, діни, әлеуметтік, мәдени дамуына тікелей байланысты.

Тұрғындардың сенімі- мемлекеттік билік органдарындағы лауазымды тұлғалар, басшылардың әлеуметтік мәртебесінің негізгі психологиялық компонентін құрайды.

Бүгінде тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі мәселесін зерттеу деңгейі, қолданбалы ғылым деңгейінде жергілікті органдардың сұраныс деңгейімен шектеліп отыр. Атап айтатын болсақ статистикалық мәлімет негізінде тәуелсіз маркетингтік зерттеу ұйымдары тарапынан арнайы тапсырыс негізінде жасалынады, мемлекеттік деңгейде Ұлттық статистика бюросы тарапынан әр квартал сайын жүргізіледі.



Бірақ елімізде орын алған «Қаңтар оқиғасы» бұл институттың зерттелу деңгейі мен қызмет сапасына концептуалды мән беруді талап етіп отыр. Себебі әлеуметтік институттың бір құрамы ретінде әлеуметтік жүйеге, жүйенің тұтас қызмет етуіне өзінің септігін тигізетіні анық.

Бұл тұрғыда өзім жүргізген «Қаңтар оқиғасы» кейсі бойынша республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі мәселесіне контент-анализдік талдау жасаған деректеріммен үзінді келтірсем.

Бұл зерттеу барысында БАҚ беттеріндегі статистикалық деректерді талдап, сандық және сапалы контент-анализдік талдау жасап, тұрғындардың құқық қорғау органдарын сенімінің деңгейін бағалап, азаматтардың құқықтық мәдениеті деңгейі, құқықтық сауаттылық мәселесінің қалыптасуы қарастырылды. Мәліметтер негізінде республикалық маңызы бар мерзімді басылымдар талданып, тұрғындар мен құқық қорғау органдары арасындағы трансформацияланған сенім мәселесінің тенденциялары анықталды. БАҚ сандық және сапалық контент-анализдік талдау келесі параметр (құрылым негізінде) жүргізілді: Материал типі, белгілер саны, қаралым саны, талқылау/комментарий саны, авторлық құқығы, жанр, жарияланым түрі, жарияланым сипаттамасы мен тақырыбы, жарияланым тональності, тақырыбы, негізгі кейіпкерлер

Мерзімді басылымдардағы мониторинг бойынша деректер: Ақпараттық деркеөздердің іріктеуіне республика бойынша рейтингісі жоғары және таралым тиражы көп мерзімді басылымдар алынды. Мерзімді басылымдар ақпараттандыру және қолжетімділік негізіне сүйене отырып таңдалды.

Мониторинг негізіне 2022 жылдың 5 қаңтарында өткен, тарих беттерінде (еліміздің күнтізбесінде) «Қаңтар оқиғасы» қарастырылды. Мониторинг 2022 жылдың 05.01.2022ж-31.03.2022ж. мерзімді аралығында құқық қорғау органдары мен тұрғындардың қарым қатынасына байланысты деректер мен басылымдар қаралды.

Зерттеу жүргізген тақырып бойынша БАҚ мақалаларын талдау үшін келесі БАҚ таңдалды:

- 1.Егемен Қазақстан
- 2.Заң газеті
- 3.Жас Алаш

4.ДАТ газеті. Басылымдардың жалпы іріктемелі жиынтығы 76 материалды құрады

Бұл зерттеуді жүргізу барысында алынған мәліметтер негізінде мынадай ұсыныстар қалыптасты. Ұсыныстар.

Еліміздің ұлттық, географиялық, экономикалық, саяси, әлеуметтік ерекшелігін ескере отырып, сенім ұғымы, сенім мәселесі, сенім

феноменіне әлеуметтік, психологиялық, саяси, мәдени анықтамаларды зерттеу концептуалды негізде қолға алынса;

Қоғамдағы барлық жүйе саласындағы сенім деңгейінің өлшемін зерттеп, зерделеу кешенді жүргізілсе;

Орын алған саяси жағдайларды ескере отырып, қоғамдағы саяси көзқарастарды БАҚ ресурстар негізінде талдай келе, саяси мәдениет, құқықтық мәдениет деңгейі әлі де қалыптаспағанын және біздің қоғамда өзінің ережелер мен нормаларға сәйкес формасының болмауы байқалады. Осы тұрғыда құқықтық, саяси мәдениетті қалыптастыру дәне насихаттау жұмыстарын жетілдіру қажет;

Сонымен қатар қаңтар оқиғасындағы талаптары, еліміздегі барлық буын өкілдерінің құндылық бағдарларын жаңа форматта зерттеуді талап етіп отыр.

Еліміздің 30 жылдық тарихындағы саяси-экономикалық және әлеуметтік саясаттың әлсіреуі, жүйелі үлгілерінің қызметінің бұзылуы, «Жаңа Қазақстан» атты жаңаша форматтағы саяси реформалар мен жаңаша қоғамдық сана тұрғысынан құндылықтардың қалыптасу және дамыту үлгілерін жасауды талап етіп отыр.

#### **Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:**

1. Доверие населения как индикатор деятельности правоохранительных органов: Монография / Коллектив авторов. Под общ. ред. Г.К. Шушиковой. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2021. – 168 с.

2. Тихонова Ж.К. К вопросу о доверии в праве, 2019 Самарский государственный экономический университет, DOI: 10.14451/2.1277 г. Самара, 2019

3. Тищенко А.В, Доверие к полиции: значение, факторы, перспективы формирования 22.00.04 – Социальная структура, социальные институты и процессы Диссертация на соискание ученой степени кандидата социологических наук, Ставрополь – 2020

4. Байков Н. М. Доверие как основополагающий базис гражданского общества, // Власть и управление на Востоке России. 2018. №1 (82)

5. Купрейченко А.Б., Мерсияновой И.В. Доверие и недоверие в условиях развития гражданского общества / отв. ред. — М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2013. — 564 с. — ISBN 978-5-7598-1140-4.

6. <https://alashainasy.kz/aim/aleumettk-institut-kyizmetnn-bastyi-maksaty-turaktyilyikka-169383/>

7. [https://el.kz/khaly-\\_senimi\\_-\\_politsiya\\_k-shinde\\_39221/](https://el.kz/khaly-_senimi_-_politsiya_k-shinde_39221/)

8. <https://aikyn.kz/201808/halyktyn-senimin-aktauga-kush-salady>

**ӘОЖ 351.741**

**КРИМИНАЛДЫҚ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН  
ҚАЗІРГІ ШЫНДЫҚ ТАЛАБЫНДА ЖЕТІЛДІРУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Рахметов Бауыржан Тажмұханбетович**

*Қазақстан Республикасы*

*Бас прокуратурасының жанындағы*

*Құқық қорғау органдары Академиясының магистранты*

*Қазақстан Республикасы, Қосшы қ.*

**Аннотация.** Мақалада Қазақстан Республикасы криминалдық полиция қызметінің теориялық аспектілері қарастырылады. Тарихи тұрғыдан алғанда жүргізіліп жатқан реформалар шеңберінде Қазақстанда ішкі істер органдарына бірқатар міндеттер жүктелгені, оның ішінде полиция функциясынан тыс міндеттер жүктелгені белгілі. Қазақстан Республикасы полициясы қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерінің қалыптасуы мен дамуының әртүрлі аспектілері зерттеледі. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарын жетілдірудің тұжырымдамалық негіздері мен құралдарын іздеу контекстінде өзектендіріледі. Сондай-ақ, интернет ретінде инновациялық технологияларды енгізуге байланысты өзгертілген қылмыстардың түрлері қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** Қазақстан Республикасы; милиция; полиция; ішкі істер органдары; функциялары; қағидаттары; жедел бөлімше; интернет; криминалдық полиция; қылмыстар.

**Аннотация.** В статье рассматриваются теоретические аспекты деятельности криминальной полиции Республики Казахстан. Исторически известно, что в рамках проводимых реформ в Казахстане на органы внутренних дел возложен ряд задач, в том числе вне функции полиции. Будут изучены различные аспекты становления и развития организационно-правовых основ деятельности полиции Республики Казахстан. Актуализируется в контексте поиска концептуальных основ и средств совершенствования органов внутренних дел Республики Казахстан. Также рассматриваются виды измененных преступлений, связанных с внедрением инновационных технологий в качестве интернета.

**Ключевые слова:** Республика Казахстан; милиция; полиция; органы внутренних дел; функции; принципы; оперативное подразделение; интернет; криминальная полиция; преступления.

**Annotation.** The article discusses the theoretical aspects of the criminal police of the Republic of Kazakhstan. Historically, it is known that as part of the ongoing reforms in Kazakhstan, a number of tasks have been assigned to the internal affairs bodies, including outside the functions of the police. Various aspects of the formation and development of the organizational and legal foundations of the police will be studied Of the Republic of Kazakhstan. It is updated in the context of the search for conceptual foundations and means of improving the internal affairs bodies of the Republic of Kazakhstan. The types of modified crimes related to the introduction of innovative technologies as the Internet are also considered.

**Keywords:** Republic of Kazakhstan; Militia; Police; Internal Affairs bodies; functions; principles; operational unit; Internet; Criminal Police; Crimes.

Қазақстан Республикасында (бұдан әрі – ҚР) жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында, ішкі істер органдары қызметінің сапасын арттыру жөніндегі шараларды айқындау полиция қызметін жетілдіру үшін кешенді білімді қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан осы мақалада ҚР криминалдық полиция қызметінің теориялық аспектілерін, оның ішінде ең алғашқы заңнамасы ретінде қарастырылатын «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Заңын қарастыру көзделіп отыр. Сонымен қатар криминалдық полиция қызметі өзінің бастамасы ретінде 1991-2022 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы полициясы (милициясы) қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерін қалыптастыру мен дамытудың кезеңдері көрсетіледі.

Құқықтану саласындағы қазіргі қазақстандық ғалымдар полицияны қоғамдық тәртіпті сақтайтын, қылмысқа қарсы іс-қимылды және ерекше мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар деп түсінеді.

Адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау және Қазақстан Республикасында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер құқық қорғау органдарының басқа субъектілерімен қатар Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарына жүктелген [1].

Қазақстан Республикасы полициясының құрылымына— криминалдық полиция, әкімшілік полиция, тергеу, анықтау бөлімшелері және өзге де бөлімшелер (штаб, кадр аппараты, өзіндік қауіпсіздік, тылдық және техникалық қамтамасыз ету қызметтері және басқалар) кіреді.

Қазақстан Республикасы түбегейлі қоғамдық-формациялық өзгерістермен, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық негіздерінің терең өзгерістерімен сипатталатын жаңа дәуірге аяқ басты. Соның айнасы ретінде Президент Қ.К. Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына жолдауында: «Конституциялық реформа жасай отырып жаңа әділ Қазақстанды құрудағы іргелі қадам жасауда. Жалпыұлттық референдумда азаматтардың көпшілігі саяси жаңғыру бағытын қолдады. Саяси жаңғырудың жалғасы құрылымдық экономикалық өзгерістер болуы. Біз «азамат-бизнес-мемлекет» триадасында қарым-қатынастарды терең қайта құруымыз керек. Ең алдымен, мемлекет барлығына тең мүмкіндіктер мен әділеттілікті қамтамасыз етеді. Қоғамдық игіліктердің жоғары деңгейіне және халықтың әлеуметтік осал санаттарын, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қолдауға кепілдік беріледі. Президент жанындағы тиісті Омбудсмен институты құрылады. Мемлекет экономикалық еркіндікті толығымен қолдайды, бірақ сонымен бірге нарықтың шамадан тыс ауытқуы кезінде азаматтарды қатты қорғайды» [2] деп айтты.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес бойынша қабылданып жатқан шаралар жеткіліксіз екені анық. Адам саудасы, ұйымдасқан қылмыс, интернет-алаяқтық, экономикалық және есірткі бизнесіне тиісті қарсы іс-қимыл қылмыстардың түрленуіне байланысты тиімді жолын кесуді қамтамасыз етпейді.

Прогрессивті құқықтық демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастыру диалектикасы мемлекеттік билік жүйесіне, қауіпсіздік жүйесіне, құқық қорғау органдарына, оның ішінде қылмысқа қарсы күрестің алдыңғы қатарында тұрған ішкі істер органдарының криминалдық полиция жедел бөлімшелеріне ерекше талаптар қояды, өйткені өсіп келе жатқан және түрленген қылмыстарға тек бірдей жақсы ұйымдасқан құқық қорғау жүйесі қарсы тұра алады.

Мемлекет басшысы қылмыспен күресудің практикалық мәселелерін назардан тыс қалдырмау керектігін айтты. Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар

әзірлейтін болады. Балаларға, соның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың алдын-алу және оның жолын кесу ерекше бақылауда болуға тиіс. Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырды [2].

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында ұлттық қауіпсіздік ұзақ мерзімді басымдықтармен айқындалғаны кездейсоқ емес. Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамды шоғырландыру, оларды іске асыруда ішкі істер органдары маңызды рөлді атқарады.

Дағдарыс құбылыстарын еңсеру, қылмысқа қарсы күресті күшейту, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі құқық қорғау органдарының және бірінші кезекте ішкі істер органдарының жедел бөлімшелерінің қызметіне ерекше талаптар қояды.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, ішкі істер органдары жүйесінде құқық қорғау құрылымдарының қалыптасуы құқықтық тәртіптің жай-күйімен ғана емес, сонымен бірге ішкі және сыртқы саясатта мемлекет дамуының болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерімен де анықталады.

Қазақстан Республикасының Президенті қылмыстың шектен тыс өсуі мемлекет пен қоғамға, азаматтардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне елеулі қауіп төндіретінін ескертті. Қылмыс бүгінде Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралардың ішінде «заңның абсолютті үстемдігін белгілеу және заңға бағынатын азаматтарды қылмыстан қорғау» [3] қажеттігін атап өтті. Аталған шараларды және билік пен заңның барлық күшін заңға қайшы өмір сүретін адамдарға қолдану қажет деп санаймыз.

Соңғы жылдары қылмыстың, оның ішінде ауыр, аса ауыр және ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтардың өсу үрдісін еңсеруге қол жеткізілді. 2020-2022 жылдары тіркелген қылмыстардың жалпы саны және 10 мың тұрғынға шаққандағы қылмыс деңгейі туралы статистикалық деректерді талдау олардың төмендегенін көрсетеді.

Кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, зорлау, тонау және қарақшылық шабуылдар азайды. Топтық, рецидивтік қылмыс, сондай-ақ мас күйінде жасалған қылмыстар деңгейі де төмендеді.


Мәселен 2022 жылы тіркелген жалпы қылмыстар саны 0,02%-ға азайды [4]. Бұл, ең алдымен, қазіргі уақытта Ішкі істер министрлігі Бас

прокуратурамен бірлесіп, қылмыстарды 100 пайыз тіркеу және есепке алу және қылмыстарды жасырудың көп жылдық тәжірибесін жоюға бағытталған шаралардың көрінісі болып табылады.

2022 жылы ашылмаған интернет алаяқтылық саны – 17193 (жалпы тіркелгені– 20569);есірткі саудасы бойынша: ҚР ҚК 297-бабы– 520(жалпы тіркелгені– 1659); ҚР ҚК 299-1 бабы –140(жалпы тіркелгені– 147), жезөкшелікпен айналысу үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық–13 сотқа жіберілген(жалпы тіркелгені – 40) [4]. Яғни аталған қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі әрбір екінші адам анықталмаған деп санауға болады.

Елде қалыптасқан қылмыстық жағдай интернет-алаяқтықтың жоғарылауы, оның ұтқырлығы мен қарулануының жоғарылауымен, сондай-ақ үлкен қоғамдық қана емес, сонымен бірге халықаралық алаңда да ерекше орын алып тұр.

Бұл орайда құқықтық статистикалық мәліметтерге сәйкес,ҚР ҚК 190-бабы бойынша 2022 жылы 43 499 (2021 ж. – 41 083, 2020 ж. – 33 653) қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелген. Оның ішінде 2022 жылы: несиесаласында – 60;ақша қаражатын қарызға алу арқылы – 93; төлем карталарын пайдалану арқылы – 283;интернет-алаяқтық – 20 569-ды құрады[4].(1-суретті қараңыз).



Есірткі саудасы мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларына теріс әсер етуді жалғастыруда. Олар елдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді тежейді, оның халықаралық беделіне нұқсан келтіреді. Атап айтсақ қазіргі таңда есірті саудасының түрленуіне байланысты (интернет желісі арқылы сауда-саттық) қылмыстың ашылуы күрделеніп, жүргізілетін жедел іс-шаралар тиімсіз болып отыр.Оған қоса ауыр қылмыстар бойынша нақты дәйектердің әлсіздігіне байланысты

ауырлығы орташа қылмыстар санатына саралану себебінен толық деңгейде нәтижеге қол жеткізілмей отыр. Қылмыскерлердің жеделдігі мен олардың шетелде болуына байланысты жедел қызметкерлерге бұл мәселемен тиімді күресу өте қиын. Жаңа сайттарды табу және анықтау процесі қиындық туғызуда.

Осындай бір түрленген қылмыстар санатына жататын адам саудасына (жезөкшелік, жеңгетайлық және т.б.) тоқталып, аса зең қойған дұрыс. Бұл санаттағы қылмыстың қазіргі таңда интернет желісі арқылы кең тараған түрі болып саналады. Соның бір дәлелі ретінде, Ішкі істер министрлігі республика аумағында 11 адамнан тұратын қылмыстық топтың қызметіне жол бермеді, олар интернет-сайт арқылы Kuzdar.Net жезөкшелікпен айналысатын адамдарға жарнама орналастыра отырып, онлайн-жеңгетайлықпен айналысты[5].

Нақтыланғандай, олар күн сайын 2 млн. теңгеге дейін пайда тапқан. Қатысушылардың белгіленген ақша айналымы 8 млрд. теңгеден асып отыр (жылына орта есеппен 2 млрд. теңгеден астам). Аталған сайтта 6 мыңға жуық интимдік сипаттағы хабарландырулар орналастырылған. Сауалнамалар бойынша қабылданған шаралармен сайттың топ-менеджерлерінің шоттарына жүйелі түрде ақша аударғанын көрсеткен 150 адам анықталып, жауап алынды.

Бұндай қылмыстар тек бастамасы деп қарайтын болсақ, болашақта одан әрі жол бермеу бойынша жұмыстар әлде қайда көп екенін айтарлықтай айтуға болады.

Құқық қорғау саласындағы көрсетілген теріс процестер қандай да бір дәрежеде ішкі істер органдарының криминалдық полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудағы кемшіліктермен байланысты.

Сонымен қазіргі жағдайдағы орын алып отырған қоғамға қауіпті әрекеттердің себебінің бірі – олардың жедел-қызметтік ісін басқару бүгінгі күннің шындығына сәйкес келмейді. Ішкі істер органдарының жедел бөлімшелері басшыларының едәуір бөлігі оларға сеніп тапсырылған бөлімшелердің қызметін ұйымдастыруда ішкі істер органдарын ұйымдастыру және басқару саласындағы ғылыми жетістіктерді емес, мүлдем басқа криминогендік жағдайда пайдалы болған және бүгінгі күні ескірген әдістемелер мен дағдыларды басшылыққа алады. Көбінесе міндеттер мен функциялардың, ұйымдық-құрылымдық құрылыстың, мемлекеттердің стихиялық, жергілікті, жеткіліксіз ғылыми негізделген өзгерістері олардың қызметінде айтарлықтай, әсіресе түбегейлі қозғалыстар бере алмады.



Сонымен қатар, қылмысқа қарсы күрестің қазіргі жағдайы көрсеткендей, 2000 жылдың басынан бастап мамандарды даярлау деңгейі артып келеді.

Ішкі істер органдары қызметінің қорытындылары бойынша жиналыстарда Қазақстанның бірқатар өңірлерінде өндіріс, экономика, кредит беру және басқа да білім саласындағы мәселелер бойынша ұйымдасқан қылмыстық құралымдар ішкі істер органдарының қызметкерлері мен басшыларын даярлау деңгейінен асып түсетіндігі айтылды. Бұл мамандарды даярлауда елеулі алаңдаушылық туғызады. Осындай құрылымдардың көшбасшылары өз қызметінде әртүрлі білімі бар білікті мамандардың білімі мен кәсіби дағдыларын пайдаланады. Ішкі істер органдарының жүйесінде қызметкерлердің басым көпшілігі, әдетте, тек заңгерлік білімге ие. Сонымен қатар, Ішкі істер органдарының жедел бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру саласында қажетті дайындығы, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың жоғары басшылық лауазымдарға орналасу үшін тиісті талаптар қою қажет деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғандардан Ішкі істер органдары жүйесіндегі соңғы он жыл ішінде жалғасып келе жатқан құрылымдық өзгерістермен және ашылмаған қылмыстардың өсуінің себеп-салдарытығыз байланысынкөруге болады. Бұл жедел бөлімшелер қызметінің сапасына үлкен әсер етеді, мұнда соңғысы өзіне тән емес функцияларды орындауға алаңдауға мәжбүр.

Мәселен, 1995-2022 жылдараралығында Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарының жүйесі бірнеше рет қайта ұйымдастырылды (мысалы, Мемлекеттік тергеу комитетін құру және тарату, ГУБОП, ІІБТ аймақаралық басқармаларын қайта құру және т.б.), бұл олардың қызметін ұйымдастыру мен басқарудың нашарлауына, олардың орнына жас, жігерлі, бірақ жоғары білікті қызметкерлерді жұмыстан шығарып, тәжірибесіз мамандарды әкелді. Олардың 70%-ы жедел бөлімшелерде 5 жылдан аз жұмыс өтілі бар. Бұдан басқа, Қазақстан ІІМ жүйесінде бүгінгі күнге дейін құрылымдық бөлімшелердің атауларында өзгерістер орын алуда (бастықтардың атауын Департаменттер деп өзгерту, комитеттер құру).

Осыған байланысты олардың функциялары беріліп, жеке құрамның құрылымдық-штаттық орналасуы өзгертетіні анық. Ішкі істер органдары жүйесіндегі бұл тұрақсыздық, сайып келгенде, кадрлардың сапалық жағдайына да, жалпы қылмысқа қарсы күресте де көрініп отыр.

Қылмысқа қарсы тиімді күресті қамтамасыз ету жұмысты ұйымдастырумен және функцияларды жүзеге асырумен байланысты әлеуметтік құрылымдар көп емес.

Жеке адамның қауіпсіздігін, қоғамдық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін айқындайтын факторларының бірі басқару және ұйымдастыру мәселелерінің әлсіздігі болып табылады.

Осыған байланысты, аталған проблемаларды шешуге Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы» бағытталған. Онда «білім беруді дамыту және кадрлар даярлау» білім беру процесінің реформасы өтпелі болуы және кәсіби кадрлар даярлаудың барлық деңгейлері мен бағыттарын қамтуы тиіс екендігі көрсетілген. Бұдан басқа «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясының» басымдықтарының бірі қазіргі заманғы білім беру жүйесін дамыту және білікті кадрлар даярлау болып табылады. Тиісінше заман талабына сай түрленіп келе жатқан қылмыстарға қарсы күресу үшін қажетті дағдыларды алу үшін жұмысты жандандыру қажет деп санаймыз.

Ішкі істер органдарының криминалдық полиция бөлімшелерінің жүйесін реформалау қажеттігінің жоғарыда келтірілген барлық дәлелдері Қазақстанның құқық қорғау жүйесінің жаңа жағдайларда қалыптасу және даму процесі шын мәнінде өзекті болғанын көреміз.

Алайда ішкі істер органдары жүйесінде, атап айтқанда криминалдық полиция бөлімшелеріндегі реформалар жүргізу процесінде жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастырудың қызмет көрсетілетін өңірдің жай-күйі (әлеуметтік-экономикалық, географиялық, демографиялық жағдайлар, қылмыстың) мен талдауы сияқты маңызды басқару элементтері іс жүзінде ескерілмейтініне назар аударамыз. Өкінішке орай, бұл маңызды ережелер қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы ІІМ-нің нормативтік құқықтық актілеріне әлі енгізілмеген.

Ішкі істер органдарының криминалдық полиция бөлімшелерінің қызметін одан әрі реформалау мақсатында, әдіснамалық және ғылыми-практикалық тұрғыдан алғанда, қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесінің криминалдық полиция бөлімшелерін реформалау олардың түбегейлі өзгерген жедел жағдайға озық бейімделуіне бағдарлануы тиіс. Онсыз барлық жедел әзірлемелердің жетілуі ішкі

істер органдарының бөлімшелерінің мүмкіндігін қысқартады. Ал құқық қорғау жүйесінің қоғамдық даму қарқыны мен сипатынан, мемлекет пен қоғамның қылмысқа қарсы күрес саласындағы қажеттіліктерінен артта қалуына мәжбүр болады.

Демек, бір жағынан, Қазақстандағы әлеуметтік-саяси, экономикалық және криминогендік жағдайдың айрықша күрделілігіне қарамастан, ішкі істер органдарының жүйесі құқық қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімді құралдарының бірі бола отырып, өзінің тұтастығын сақтайды.

Екінші жағынан, түбегейлі ішкі реформаларсыз Қазақстанның ішкі істер органдарының жүйесі өзіне жүктелген функцияларды тиімді орындай алмайды, сондай-ақ халықтың қауіпсіздігін, қылмыстардың алдын алу мен ашуды, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды. Сонымен қатар халыққа әлеуметтік қызмет көрсетудің жалпы мемлекеттік функциясын табысты іске асыра алмайды.

Сонымен бірге, жедел-ізвестіру қызметінің теориясында ішкі істер органдарының жедел бөлімшелерінің қызметін басқару және ұйымдастыру мәселелері өткен ғасырдың 70-жылдарының ортасынан бастап жоспарлы түрде ғылыми зерттеле бастады.

Қазақстан Республикасында жедел-ізвестіру қызметі теориясының және оның жекелеген аспектілерінің дамуына қазақстандық құқықтанушы ғалымдар, оның ішінде Н.А. Абдिकанов, Б.Х. Төлеубекова, А.Д. Шаймуханов, К.Ш. Уканов, Ж.М. Чокін, З.О. Ашитов, А.Ф. Әубәкіров, С.Ж. Ғалиев, А.Я. Гинзбург, Е.Е. Дегтярев, Е.Г. Джакишев, А.Н. Жұмабеков, С.Е. Есенов, Е.Е. Каймульдинов, З.Г. Қазиев, Е.И. Қайыржанов, Б.М. Нұрғалиев, С.Б. Паташқовтың теориялық-қолданбалы зерттеулері ықпал етті.

Аталған авторлардың еңбектерінде ІІО жедел бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың жекелеген мәселелерінің ғылыми-практикалық міндеттері қойылып, ойдағыдай шешілді. Алайда, зерттеулердің көпшілігі басқа әлеуметтік-экономикалық және қылмыстық жағдайда жүргізілді, олар көптеген жылдар бойы бүгіннен алыс болды және тәуелсіз зерттеу шеңберінде қарастырылып отырған мәселені жан-жақты зерттеу сипатына ие болмады. Осыған байланысты көптеген күрделі сұрақтар осы уақытқа дейін бірнеше себептерге байланысты аз зерттелген.

Сонымен қорыта келе, Ішкі істер органдарының криминалдық полиция бөлімшелерінің жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарға үлкен назар аудар қажет деп санаймыз.

Біріншіден, аталған жұмысты жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы ІІО жедел бөлімшелерінің қызметінің теориялық, құқықтық және ұйымдастырушылық-басқарушылық мәселелерін іргелі ғылыми зерттеу.

Екіншіден, криминалдық полиция қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне ие және заңнама мен халықаралық шарттар негізінде қылмысты анықтауды талап ететін заңдылық, ауырлық және қырағы болумен үйлестіру сияқты негізгі қағидаттарды сақтау.

Үшіншіден, криминалдық полицияның табысты жұмысы үшін қызметкерлердің кәсібилігі мен құзыреттілігі, олардың қылмыс саласындағы кез келген өзгерістерге жедел жауап беруге дайындығы, сондай-ақ жұмысты тиімді ұйымдастыру және заманауи технологияларды пайдалану мақсатында мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру.

Төртіншіден, криминалдық полицияның барлық күш-жігеріне қарамастан, оның қылмысқа қарсы күрестегі міндеттері мен мүмкіндіктері шектеулі және көптеген міндеттерді сәтті шешу үшін азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың белсенді қатысуын, сондай-ақ өзге мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылын арттыруды талап етеді.

Сайып келгенде криминалдық полиция азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және қоғамдық тәртіпті сақтауда маңызды рөл атқарады деп айтуға болады. Оның тиімділігі қылмыстың теориялық аспектілерін түсінуге, заманауи технологиялар мен әдістерді қолдануға, сондай-ақ қызметкерлердің кәсібилігі мен құзыретіне байланысты.

### **Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:**

1. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы №199-VЗРК. [Электрондық ресурc] – Айналыс режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000199> (жүгінген күні 28.02.2023ж.).

2. Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурc] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100002021/history> (жүгінген күні 07.03.2023ж.).

3. Когамов М.Ч. Послание Президента – новый взгляд на эффективное решение насущных вопросов Казахстана» от 1 сентября 2020 года. [Электрондық ресурc] – Айналыс режимі: [https://www.nur.kz/1872054-kogamov-poslanie-prezidenta---novyj-vzgrad-na-effektivnoe-resenie-nasusnyh-voprosov-kazahstana.html?utm\\_](https://www.nur.kz/1872054-kogamov-poslanie-prezidenta---novyj-vzgrad-na-effektivnoe-resenie-nasusnyh-voprosov-kazahstana.html?utm_) (жүгінген күні 16.03.2023 ж.).

4. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу порталы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://qamqor.gov.kz> (жүгінген күні 15.04.2023 ж.).

5. zakon.kz – құқықтық-аналитикалық интернет портал [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.zakon.kz/6387186-v-kazakhstan-zaderzhali-vladeltsev-sayta-KyzdarNet.html> (жүгінген күні 06.05.2023 ж.).

## **ӘОЖ 349.3**

### **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДАҒЫ ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

**Тасыбеков Алмат Есенаманұлы,**  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің  
1 курс докторанты,  
заң ғылымдарының магистрі,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

Кеңестік билік ыдыраған соң өз алдына ел болған жылдарда, жаңа құрылымдармен қатар ұлттық ұстанымдағы заңдық негіздерді жүйеге сәйкес қалыптастыру заңды құбылыс еді. Адам құқықтарын қорғаудың бір тармағы, мүмкіндігі шектеулі жандардың еңбек құқығы мәселесі. Ағзасының белгілі бір физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты еңбек нарығында анағұрлым әлсіз, бәсекеге түсе алмайтын, соның салдарынан мемлекет тарапынан ерекше қолдау мен қорғауды қажет ететін жалдамалы жұмысшылар тобын құрайтын азаматтардың белгілі бір санаты бар. Нақты осы жағдайда еңбек құқығына аталған тұлғалардың еңбек құқықтарын қорғау, олардың қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жүктелген. Сонымен, қандай субъектілер мемлекет тарапынан ерекше қорғауды қажет етеді.

Заңгер ғалымдар әлеуметтік-еңбектік реабилитациясын құқық институтының шегінде қарастыра келе, оны құқықтық реттеудің қандай да бір нақты бағытымен байланыстырады. Мысалы, Л.Н.Андреева, Д.И.Грицкевич мүгедектердің әлеуметтік-еңбектік реабилитациясын

жұмысқа орналастыру, экономикалық әсер ретінде қарастырады. Я.М.Фогель, М.Л.Захаров оны жеңілдіктер мен қызмет көрсету тұрғысынан көрсетсе, Р.И. Иванова, В.А.Агаркин салалық мәселелердің бір құрамдасы ретінде санайды. Бұрынғы КСРО мен алдыңғы қатардағы шетел мемлекеттерінде соңғы 30 жыл ішінде мүгедектік, мүгедек және олардың дифиницияларының түсінігін дәстүрлі физиологиялық кемістік анықтамасымен ғана тоғыстырады [1,8 б.].

Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бір бағыты (Қазақстан Республикасының «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Заңының 5-бабына сәйкес) еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа бағытталуы. Аталған бағытты дамыту мақсатымен Қазақстан Республикасы еңбекті қорғау саласындағы Халықаралық еңбек ұйымының «Еңбектің қауіпсіздігі мен гигиенасы және өндірістік орта туралы» №115 және «Жұмыс орындарындағы ауаның ластануынан, шудан және вибрациядан туындайтын кәсіби тәуекелден қызметкерлерді қорғау туралы» №148 Конвенцияларын ратификациялады [2,175 б.].

Еңбекті қорғау саласындағы нормативтік актілердің ішінде бүгінгі күні 1997 жылы 3 қарашада Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрілігімен бекітілген «Еңбекті қорғау кабинеті туралы» типтік ережесі қызмет етеді [3,26 б.].

Енді бірде, керісінше, толық еңбекке қабілетсіздікке бірінші, және кейде екінші топтағы мүгедектерді жатқызады. Бұл жағдайда кәсіби қабілеттерімен қатар толық қабілеті де жойылғандарды атап көрсетеді [4,186].

Үшіншілердің пікірінше, еңбекке қабілетсіздер-еңбектену міндетінен босатылғандар жатады [5,68 б.].

Егер құқыққа жүгінсек, ол еңбекке қабілетсіз, жартылай еңбекке қабілетсіз азаматтарды мынадай негізгі санаттарға дифференциялайды: - кәмелетке толмаған балалар, қарт адамдар, мүгедектер.

Мүгедектердің жұмыс уақытын құқықтықреттеу еңбектің қоғамдық қажетті шарасын сақтаудың кепілдігі болып табылады. Мысалы, I және II топтағы мүгедектер үшін алты сағаттық жұмыс күні (36 сағаттық жұмыс аптасы) және ұзақтығы он бес жұмыс күні болатын ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы бекітілген. I және II топтағы мүгедектерді толығымен, ал III топтағы мүгедектерді елу пайызға олардың алатын барлық табысы бойынша жеке табыс салығынан босатудың маңызы зор.

Мүгедектерді жұмысқа алуға мүдделілік туғызу үшін Қазақстандағы кәсіпорындарға қызметкерлердің жалпы санының отыз пайызынан кем емес бөлігін мүгедектер құрайтын болса, онда оларға салық салу, қаржыландыру және материалдық-техникалық қамсыздандару бойынша жеңілдіктер ұсынылған. Ал егер мүгедектер елу пайыздан астамын құрайтын болса, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар салықтар мен төлемдерден мүлде босатылады[6].

Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде. Онда: Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды: 1) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу;

2) жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру;

3) мүгедектерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін арнаулы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру;

4) мүгедектерге кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді[7].

32-бабында мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары:

1. 1 және 2-ші топтардағы мүгедектер үшін аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді, ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы беріледі (ҚР ЕК 69-бабы 1-тармағы).

2. Түнгі уақыттағы жұмысқа мүгедектің келісімімен және егер оның мұндай жұмыс істеуіне денсаулық жағдайы бойынша тыйым салынбаған болса, рұқсат етіледі және МЭС-ға барып, тексерілуі тиіс (ҚР ЕК 76 – бабының 3- тармағы).

3. Жұмысты үйде орындауы; жетілмеген остеогenez(сүйек морттығы), соқырлық, көшеде жүру қиындығы бар мүгедектерді құрал-саймандармен, шикізат тағы басқа қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, төлем ақысы талаптарын реттеу ҚР ЕК 137-бабында жазылған.

4. Қашықтықтан жұмыс істеу түрінде, интернет, коммуникация мен жұмыскер келісімімен төлемақы төлеу белгіленеді (ҚР ЕК 138-бабы).

5. Вахталық жұмыс әдіспен орындалатын жұмысқа бәрінші топ мүгедегі жіберілмейді (ҚР ЕК 135 –бабының 3-тармағы ). Күнделікті қайтып келуі қамтамасыз етілу жағдайында еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысанымен (ҚР ЕК 135-бабының 1- тармағы) қамтылады.

6. Медициналық қорытынды бойынша мүгедектің денсаулық жағдайы кәсіптік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не басқа адамдардың денсаулығына және еңбек қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік уәждері бойынша еңбек шартын жасасудан не қызмет бабында жоғарылатудан бас тартуға, жұмыс берушінің бастамасы бойынша мүгедекті жұмыстан босатуға, оның келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді[8].

Жұмыс берушінің мүгедектерді әлеуметтік қорғау ісіне қатысуы бойынша, Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ 33-бабында, жұмыс берушінің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне бара алуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті жазылған.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектердің өндірістік үйлерге, ғимараттарға, үй-жайларға бара алуы үшін жұмыс беруші жұмыс орындары мен жұмыс үй-жайларын жобалау және бейімдеу арқылы жағдай жасайды, мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес тұрғын үй-жайларды арнаулы құралдармен және көмекші құрылғылармен жабдықтайды.

34-бап. Жұмыс берушінің мүгедектерді жұмыспен қамту және кәсіптік оңалту саласындағы міндеті. «Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс беруші кәсіптік оқытуды немесе қайта оқытуды, арнаулы жұмыс орындарын құруды осы Заңға сәйкес жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етеді».

30- баптың 1-тармағында мүгедектерді кәсіптік оңалту «Жұмыспен қамту орталықтарында тегін және шәкіртақы төлену арқылы жүргізіледі».

31-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтиды:

- жұмыс орындарының квотасын белгілейді;
- қосымша жұмыс орындарын құрады;
- арнаулы және әлеуметтік жұмыс орындарын құрады;
- кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді.



-35-бап. Жұмыс берушінің мүгедекке келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеті Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертiгуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады[9].

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі №235 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» көдексінің 83 бабы бойынша; мүгедектерді әлеуметтік қорғауда, көлік инфрақұрылым объектілеріне қол жетімді, мәдени іс- шараларға қол жетімді және жұмыс берушінің кінәсінен құқығы бұзылып жатса, есептік көрсеткіш мөлшермен айыппұлдар салынады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №910 бұйрығымен мүгедектің жұмыс орны стандарттары бекітілген.

Мерзімді басылымдағы материалдар бойынша құзырлы мекемелердің жүйелі жұмыстар жасауын қамтамасыз ететін заңнамалық құжаттар беріліп, орындалу барсында жалпы халықтық талданумен талқыланып отырады.

Заңнамалық құжаттардың заман талабы деңгейіне қатысты лоббистік қызметке дейінгі жағдайларды реттеп, анықтап отыруына көмектеседі.

Лоббизм-қандай да бір әлеуметтік топтардың қабылдауындағы нормативтік-құқықтық мүдделерін енгізу мақсатында заң шығару процесіне әсер ету қызметін білдіреді.

Ғылыми- техникалық және экологиялық жағдайларға қатысты заңнамалық толықтырулардың қажеттіліктері заңдылық.

Соның бір айғағы,Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңының 41 б. 7) тармақшасына сәйкес (01.01.2016 жағдайға орай өзгерістермен және толықтырулармен) мүгедек –тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертiгулерге (жаралануға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам болып танылып:

- мүгедектікті белгілеу;
- мүгедек жұмыскерлер еңбегін реттеудің ерекшеліктері;
- жұмыс берушінің міндеттері;
- мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы
- мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидалары[9].

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзуға жауапкершілік, мазмұны толықтырылып, бекітілді.

Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 2016 жылғы 13 маусымдағы №498 бұйрығы (2018.14.06. берілген өзгерістермен) бойынша: Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларының жалпы ережесі мен мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін ұсынды.

2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңы (қосымша кесте 2.1.) Осы заңның 41 б. 7) тармақшасына сәйкес 2016 .01.01. өзгерістер мен толықтыру ендіріліп, (2016. 01.03. бекітілді). Ұйым үшін берілетін квотаның 13 тармағы өзгеріп, (мүгедек жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз болып тіркетіледі) [9].

2017.14.02. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі бұйрығымен, Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау 2016.13.06. №498 бұйрығы 2018.14.06. өзгерістермен №242 бұйрықпен 2-тармағы өзгертілді.

2016.06. №2 бұйрықпен (бұл қағида, өзін-өзі басқаратын атқарушы органға қатысты болды)

Жаңа ҚР мұндай бап жоқ, сондықтан жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 06 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген Мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларын басшылыққа ала отырып, жұмыс орындарында квота белгілеудің жалпы тәртібі, мөлшері, шарттарын белгілейді.

Қағида бойынша, жергілікті атқарушы органдар белгіленген квотаға сәйкес, жұмыс берушілердің жұмыс орындарын мүгедектерге ұсынушы ретінде танылды.

Жұмыс беруші квота енген күннен бастап 1 ай ішінде жұмыс орындарын қатаң түрде айқындап, уәкілетті орғаға 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-ІҮ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 16 бабы 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес үш айдан кем емес мерзімге жасалған еңбек шартымен расталған мәліметтерді ұсынуы квотаны орындау болып табылады.

Жұмыстан босатылғаны және орналасқаны туралы мәліметтердің 5 күн ішінде уәкілетті органға хабарланып, белгіленгенуі, жүзеге асқан қағида жаңалығы болып табылады. Аймақтық жұмыспен қамту уәкілетті органдарына жұмыс беруші тоқсан сайын есеп (тоқсаннан кейінгі 10

–күніне) берудің екі нысаны белгіленген.

«Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес, дене немесе ақыл-ой кемістігінің болуы салдарынан тіршілік етуінің шектеулігіне байланысты әлеуметтік көмек пен қорғауды қажет ететін адам мүгедек болып табылады.

Қорыта келе, еліміздегі әлеуметтік құрылымның қалыптасуы, жаһандық және технологиялық үрдістер ықпалымен дами отырып, экологиялық тағы басқа жағымсыз жағдайлардан туындаған адам өміріне қатысты мәселелерді шешуде, жаңартулар мен толықтыру енгізе қамтылған. Адамның табиғи құқығы бола тұра, қолдану мүмкіндігінің шектелуі, мемлекет тарапынан олардың әлеуеттенуін реттеуде, заңды құқықтармен қамтамасыз етілген. Түрлі экономикалық дағдарыстарға қарамастан, мекемелерде коэффициенттер бойынша, мүмкіндігі шектеулі жандарға арнап жұмыс орнын жабдықтап, еңбекпен қамту, адам мәселесінің дұрыс шешілуі болып табылады. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам, зайырлы мемлекет категориялары қоғамның барлық мүшелерін қамтуымен құнды.

#### **Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:**

1. Белов В.П., Ефимов И.Н. Тенденции развития реабилитации трудоустройства инвалидов //Врачебно-трудова́я экспертиза и социально-трудова́я реабилитация инвалидов. Вып.5 (сб.науч.трудов / ЦИЭТИН). – М., – 1976г. – С.5-10.

2. Международные документы, ратифицированные Республикой Казахстан, в сфере обеспечения прав, основных свобод человека, охраны труда, миграционной политики / Сост. Межибовская И.В., Мухамеджанов Э.Б. – Алматы: Жеті Жарғы, 2000. –413 с..

3. Указ Президента Республики Казахстан от 3 ноября 1997 года № 3723

Вопросы Национального совета по устойчивому развитию //САПП РК. - 1997. - № 48. - Ст.26

4. Ефимов И.Н. Инвалидность как вид нетрудоспособности // Врачебно-трудова́я экспертиза и социально – трудова́я реабилитация инвалидов. вып. 5 (сб. Науч. Трудов / ЦИЭТИН). – М., 1976. – С.16 – 22.

5. Азаров Е.Г., Козлов А.Е. Личность и социальное обеспечение в СССР. – М.: Наука, 1983. – С.68-72

6. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсанындағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы

(Салық кодексі)» №99-ІҮ Кодексі (11.07.2017 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Режим доступа //URL:<https://adilet.zan.kz>

7. Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1991 жылғы 21 маусым №692-ХІІ ҚРЗ. Режим доступа //URL:<https://adilet.zan.kz>

8. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. Режим доступа //URL:<https://adilet.zan.kz>

9. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңы. Режим доступа //URL:<https://adilet.zan.kz>